

"Бағалау қызметі субъектілерінің, бағалау принциптерімен пайдаланатын бағалау жөніндегі жұмыстарының орындалу сапасына қойылатын талаптарды қолдануы жөніндегі ережені бекіту туралы" N 2071 болып тіркелген Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2002 жылғы 23 қарашадағы N 179 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2004 жылғы 22 маусымдағы N 189 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2004 жылғы 26 маусымда тіркелді. Тіркеу N 2916. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2012 жылғы 3 ақпандағы № 11-06/73 Бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Әділет министрінің 2012.02.03 № 11-06/73 Бұйрығымен.

Бағалау қызметі саласындағы нормативтік құқықтық актілерді "Қазақстан Республикасындағы бағалау қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес келтіру мақсатында бұйырамын:

1. "Бағалау қызметі субъектілерінің, бағалау принциптерімен пайдаланатын бағалау жөніндегі жұмыстарын орындау сапасына қойылатын талаптарды қолдануы жөніндегі ережені бекіту туралы" N 2071 болып тіркелген Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2002 жылғы 23 қарашадағы N 179 (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркелімінде N 2071 болып тіркелген және Қазақстан Республикасы орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдарының нормативтік құқықтық актілер бюллетенінде жарияланған, 2003 ж., N 3, 774-құжат) бұйрығына мынадай өзгерістер енгізілсін:

осы бұйрықпен бекітілген, Бағалау қызметі субъектілерінің, бағалау принциптерімен пайдаланатын бағалау жөніндегі жұмыстарды орындау сапасына қойылатын талаптарды қолдануы жөніндегі ережеде:

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"Бағалауды жүргізу шарты мыналарды қамтуы тиіс:

1) тапсырушы мен бағалаушының деректемелері - тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда), тұрғылықты жері; заңды тұлға үшін - атауы, орналасқан жері (пошталық мекен-жайы), банктік деректемелері;

2) бағалау объектісінің (объектілерінің) атауы және (немесе) орналасқан жері, а й қ ы н д а л а т ы н к ұ н н ы ң т ү р і ;

3) б а ғ а л а у т ү р і ;

- 4) бағалау объектісінің түрі;
5) бағалау жүргізу мерзімдері;
6) көрсетілетін қызметтер үшін ақы төлеудің шарттары, тәртібі және мөлшері;

7) тараптардың құқықтары, міндеттері мен жауапкершілігі;

8) тапсырушының бағалау объектісіне меншік құқығын растайтын құжатының деректемелері, не тапсырушыға бағалау туралы шарт жасау құқығын беретін өзге де негіздемелер;

9) мүлікті бағалау жөніндегі қызметті жүзеге асыру құқығына лицензияның деректемелері (лицензияның нөмірі мен берілген күні, оны берген органды көрсете отырып) .

Бағалау жүргізу шартында өзге де талаптар да болуы мүмкін.";

7-тармақтың 2) тармақшасында "сақтандырушы," деген сөз алынып т а с т а л с ы н .

2. Осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді.

Министр